



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. <http://ult.kz/post/astanada-zha%D2%BBandagy-zamanau-i-kazakstandyk-madeniet-zhobasy-talkylandy>
2. <https://egemen.kz/article/zhahandaghy-zamanau-i-qazaqstandyq-madeniet-zhobasy-qazaq-qoghamy-ushin-nesimen-manhyzdy>
3. https://baq.kz/kk/news/madeni_ortaliktar/zhahandagi_zamanau_i_kazakstandik_madeniet_bagdaramasi_ayasinda_zhauzhurek_londonda_koiildi20171106_181500
4. http://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/press_conferences/memleket-basshysynyn-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru-atty-makalasy
5. https://baq.kz/kk/news/ruhani_zhangyru/sagintaev_prezidentke_ruhani_zhangyru_boiisha_esep_berdi20180209_121200
6. https://baq.kz/kk/news/ruhani_zhangyru/100_kitap_zhobasi_memleket_basshisina_kashan_tanis_tirilatini_belgili_boldi20180328_161000

УДК 93/94

ӘЛИХАН БӨКЕЙХАНОВ: ҚАЗАҚ ЖЕРІ – МАЛ КІНДІГІ, ҰЛТ МЕНШІГІ

Төлегенов Бақытжан Жанболатұлы
tlegenov17@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Тарих факультетінің 2-курс студенті
Ғылыми жетекшісі – Г.К.Ерменбаева

Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейхановтың шығармашылық мұрасы бүгінгі таңда тарихшылармен әдебиеттанушылар тарапынан зерттеуге алынып, ал қайраткердің экономикалық көзқарасын ғылыми талдау ісі сәл кешеуілдеп қалғандай әсер қалдырады. Әлихан Бөкейханов алған базалық білімі тұрғысынан—экономист. Ол 1894 жылы Санкт-Петербургтің Императорлық орман шаруашылығы академиясының экономика факультетін бітірген. Тергеу материалдарында тіркелген жеке іс- қағаздарының бірінде ол мамандығым «оценщик»деп те көрсетеді. Замандастары Әлихан Бөкейханов қазақ жерінің,оның асты-үсті табиғи байлықтарының терең білгірі ретінде мойындаған.

Ә.Бөкейханов үшін нәтижелі болған оның академик С.П.Швецов басқарған Сібір теміржолы бойындағы аудандарды экономикалық тұрғыдан зерттеу экспедициясы еді. Бұл экспедицияға қатыса жүріп, ол қазақ қойына арналған монографиялық зерттеуін аяқтайды. Бұл қазақ қой шаруашылығы туралы алғашқы іргелі зерттеу еңбегі болатын. Қазақ қойы туралы бұдан бұрында (мәселен, А.И.Добромысловж.б.), кейінде зерттеу жұмыстары болған. Әлихан Бөкейхановтың зерттеуі қазақ қасиет тұтатын мал тұқымы туралы тереңдігімен, нәзікте жан-жақтылығымен ерекшеленеді.

Енді осы еңбектерге қысқа болса да тоқталып өтейік. Павлодар уезі халқының тарихына байланысты Әлихан Бөкейханов еңбегінен бүгінгі біздер үшін де қызықты мынадай тарихи деректерді кездестіреміз. Кереку (жергілікті халық бұл өңірдіосылай атайды) өңірі ілгері замандардан мал шаруасына және егіншілікке қолайлы, жері құнарлы, елге құтты мекен болған. Сондықтан да бұл өңір үшін түрлі этникалық қауымдар арасында үзіліссіз күрес жүріп отырған. Сондай қарулы қақтығыстардың соңғысы XVIII ғасырда қазақтар мен қалмақтар арасында жүргендігін ел ішінде сақталған ауыз екі әңгімелерден байқауға болады.

Әлихан Нұрмұхамедұлы қазақ халқының дәстүрлі мал шаруашылығының артықшылықтары мен әлсіз жақтарын терең әрі нәзік түсінген ғалым болды. Ғалымның бұл реттегі сұңғылалығына оның қой шаруашылығына арналған монографиялық зерттеуінің 2-ші

тараумен таныса отырып көз жеткізуге болады. Тарауда жасалған тұжырымдар Семей, Ақмола және Торғай облыстарына қарайтын 12 уездегі қазақ қожалықтарын статистикалық тұрғыдан зерттеу арқылы алынған. Әлекең қазақ жеріндегі қой шаруашылығын Ресейдің малға бай деген Астрахань, Таврия губернияларындағы және Дон облысындағы жағдаймен салыстырады. Мәселен, 1897 жылға тиесілі көрсеткіштер бойынша:

Астрахань губерниясында 1 адам басына шаққанда – 2,45 басқой;

Таврия губерниясында – 1,80 бас қой;

Дон облысында – 1,05 бас қой өсірілген.

Ф.А. Щербина экспедициясының көрсетулері бойынша бұл көрсеткіш:

Семей облысында – 5,47 бас;

Ақмола облысында – 3,93 басқойдан келген [1, 83].

Осы көрсеткіштергесүйене отырып Әлихан Бөкейханов қазақ даласы тұрғындарының қажетіне өсірілетін қой саны Еуропалық Ресейдің малға бай деген губернияларына нанағұрлым асып түседі деген тұжырым жасайды.

Осы тарауда Әлихан Бөкейханов қазақ қойларына сипаттама бере отырып: «Аққойды қазақ байлары өсіреді, өйткені, аққойдың жүнінен қазақтың бай киізүйіне қажет ақ киіз даярланады. Бірақ қой аяздықысқатөзімді емес.

Яғни орта және кедей қазақ қожалықтарына аққой өсіру тиімсіз, сондықтан да бұл қожалық иелері қой өсіруге бейім. Қазақ қойларының басым бөлігі боз және қоңыр болып келеді», – деп жазады.

Әлихан Бөкейханов қазақ қойына берген сипаттамасын мынадай сөздермен аяқтайды: қазақ қойы бұл жануар туралы айтылатын ғайбат сөздерге лайық емес. Қазақ қойының кеңістікте өзін еркін сезінуге мүмкіндік беретін ғажалас-жадыбар. Мәселен, жас қозы жаңа жайылым іздеп 10-15 шақырым ұзап, шыққан жеріне оңай-ақ оралады. Өккі қойлар күзгі және қысқы жайылымдардағы құнарлы оты бар жерлерді жақсы айыра біледі, бұл ретте малшылар қалың қарлы қыста қойдың тапқырлығына сүйеніп қарда жайылымдарды анық тайды. Әлихан Бөкейханов қазақ малына берген мінездемесі осындай тереңдігімен және жылылығымен ерекшеленеді. Жоғарыда аталған ғылыми-зерттеу экспедицияларына қатынасуы, сондай-ақ, ғұлама ғалымның кейінгі байқаулары мен зерттеулері оны қандай тұжырымдарға жетеледі?

Жергілікті халықтың дәстүрлі шаруашылығын, жер қорын пайдалану жүйесімен мәдениетін зерттеу арқылы орталық үкімет орындарына нақты ұсыныстар әзірлеу үшін ұйымдастырылған бұл экспедиция жұмыстарына қатынасу барысында Әлихан Нұрмұхамедұлы қазақ даласына байланысты империялық биліктің көздеген мақсатын бұрын өзі байқай бермеген жаңа қырынан таныды.

Соның нақты көрінісі үкіметтің қазақ көшпелі және жартылай көшпелі қожалықтарын жаппай экспедицияның көздеген ортақ мақсаты орта қазақ қожалықтарын отырықшы өмірге аударуға қажет болатын жер нормасын анықтау болатын. Қазақ қожалықтарын отырықшы өмірге аудару өз ретінде патшалық билікке қалған қазақ жеріне ішкі губерниялардан мыңдаған орыс шаруаларын көшіріп әкеліп қоныстандыруға жол ашатын еді.

XX ғасырдың басындағы Ресей үкіметінің есебі бойынша қазақ жері, біріншіден, империяның ішкі губернияларындағы жер тапшылығын шешуге мүмкіндік туғызатын құрал болса, екіншіден, оның батыс мемлекеттерімен кезекті технологиялық текетіресінде өнеркәсіптік бай шикізат көзіне айналдыру, үшінші мал шаруашылығын одан әрі дамыту. Ал әлемдік күштердің өзара қарсыласу процесі барысында империя құрамындағы кіші этникалық құрылымдардың табиғи мүддесімен мәдени құндылықтары соншалықты жоғары мәнге ие бола алмайтындығы о бастан белгілі. Қазақ елі, оның табиғи және адами әлеуеті Ресейдің батыс мемлекеттерімен текетіресінде күш қоры (резерв) міндетін атқаруға тиіс болды. Қазақ қоғамының мұндай ауыр сыннан өту мүмкіндігі қандай, ентелеп еніп келе жатқан капитализм сұраныстарына қазақ жұртын емен жауап бере алады деген сауалдар туындады.

Бұл сауалға байланысты Әлихан Бөкейхановтың мынадай пікірі қалыптасқан: Қазақ елінің байлығының көптігі рас. Бірақ ол байлықты онды-солды шаша бермей тиянақты түрде, қазақтардың өздеріне пайдалану керек. Ал шаруашылыққа келер болсақ, мал басына сылдандырып, тиімді мал шаруашылығына көшу қазаққа жат емес. Ә.Бөкейханов алдымен патшалық биліктің, кейінірек кеңестік биліктің қазақ елін тез арада отырықшы тұрмысқа аудару жобасына үзілді-кесілді қарсы шықты. «Мал шаруа сытымақ емес, төре келе жатыр деп қолға ала қоятын», – деп жазды ол [2, 11].

Кеңес өкіметінің қазақ қожалықтарын ешқандайда даярлықсыз, бірнеше жылдың төңірегінде отырықшы тұрмысқа аудару әрекетін ол ұлт өміріне жасалған эксперимент ретінде бағалады. Яғни, эксперименттер лабораторияларда жүргізілмек, ал адамдар қоғамын эксперимент кеңістігіне айналдыру қоғам үшін нағыз трагедияға айналуы әбден мүмкін екендігін ескертті. Әлихан Нұрмұхамедұлы және оның серіктері Ахмет Байтұрсынұлымен Міржақып Дулатұлы «Қазақ» газеті арқылы қазақ халқын патша әкімшілігінің әрбір отбасындағы ер адамға 15 десятинадан жер үлесін алып, отырықшы тұрмысқа өтуге шақырған шараларына мойынсұнбай, қарсылық көрсетуге шақырды. Бұл ретте ол башқұрт халқының ауыр тәжірибесінен сабақ алуға үндеді. Егіншіліктің қыр-сырынан бейхабар жұрт әуелде әкімшілік орындарының үгітіне сеніп, ер басына он бес десятинадан жер алуға келісіп, соңынан отырықшы тұрмысқа бірден көндіге алмастан, алған үлесін көрші орыс мұжығына қант-шайға айырбастап, ең соңында өз Отанында жер иелігі жоқ босқынға айналған еді.

Алдымен патшалық билік тұсында, сонан соң кеңес өкіметі жағдайында Әлихан Нұрмұхамедұлы бастаған қазақ зиялылары биліктен қазақ жеріне ішкі Ресейден орыс шаруаларын көшіріп әкеліп қоныстандыру шараларын тоқтатуды талап етті. Бұл істе алаштық және кеңестік ұстанымдағы ұлт зиялылары ауыз-бірлік танытты, бір үрдістен шығып отырды. Метрополия тарапынан жүріп жатқан отарлау саясаты жағдайында алаштық ұстанымдағы зиялылар жерге жекеменшік енгізу саясатына үзілді-кесілді қарсылық танытып, жерді қауымдық меншік түрінде пайдалану тиімді екендігін дәлелдеуге күш салды.

Аграрлық сектордың тез дамуын қамтамасыз ету үшін жеке шаруалар ерікті кооператив болып ұйымдасқаны тиімді екенін Дания елінің тәжірибесімен дәлелдеп бағып еді Әлихан Бөкеханов. Халқының бірегей сауаттылығы негізінде бүкіл Данияға тараған кооперация қозғалысы бірлескен еңбек тиімділігін арттырып, елді тез арада байытуға негіз болды. Архив материалдарына қарағанда, «Алаш» автономиясы құрылғанға дейін Торғай облысындағы Уақытша үкіметтің комиссары дәрежесіндегі Әлихан Бөкейханов ауылды кооперациялауды пәрменді түрде қолға алып, бұл шара соңынан Қазақ-Алаш автономиясына кірген 10 облыстың бәрінде де қарқынды жүргізілгенін атап өту керек.

Жер мәселесі Алаш партиясының бағдарламасында жеке тарау ретінде берілді. Онда, мәселен, негізгі заңын жасағанда жер сыбағасын алдымен жергілікті жұртқа берілсін, қазақ жер сыбағасын отырған жерлерден алып орналасқанша қазақ жеріне қоныс аударушылар келмесін...», – деген жолдар бар еді [3, 57].

1914 жылы желтоқсан айында Орынборда Әлихан Бөкейханов басшылығымен өткен II Бүкіл қазақ съезі қазақ мемлекетігін Алаш форматы ретінде ұсынған болатын. Сол құрылтайда бір ауыздан ұйғарым қабылдап: «Алаш автономиясының 10 облысының жерасты-үстінің байлығы, жер-су, пайдалы қазбалары бөлінбес Алаш меншігінде», деп бекітілген болатын. Бұл ұйғарым келешек Қазақстанның алдыңғы қатарлы мемлекет болып қалыптасып, өсіп-өркендеуінің негізі боларына толық кепіл, сенім артылған-ды.

Әлихан Нұрмұхамедұлы келешек жас мемлекетіміздің алдында тұрған өрелі мақсаттары туралы: «Үстіміздегі XX ғасыр–өркениет бәсекелестігінің заманы. Бұл уақытта күн астындағы орын үшін күреспейтін хәм мәдениетке талпынбайтын ұлттың табылуы кәдік... Қазіргі әлемдік соғыста ғылым үстемдік алды. Күнделікті өмірде ғылым айқындаушы күшке айналды. Білімсіз халық өркениет қалтарыстарында қалып қоятынын айтып жату артық. Өз мәдениетін сақтау,

барлық жақсы нәрселерді игеру жолындағы күреске қазақтарда қосылды. Бізге білімді, тәжірибелі саясатшылар, жоғары білікті мамандар қажет. Бізге фабрикалар, зауыттар, шаруашылық ұйымдары, кооперативтер және басқа да көп нәрселер керек. Мұның бәрі білімді қазақтарды қажетсінеді. Мұның бәрі бір күнде немесе бір жылда пайда болмайды. Осының бәрін өмірде жедел іске асыру үшін жіті жоспарлау, мамандардың бейнетті еңбегі, ауқатты азаматтардың қаржысы керек және істі дереу қолға алу керек» деп жазған еді. Осы сөздері арқылы біздің өмірімізде жердің, шаруашылықтың маңыздылығын Әлихан Бөкейханов жеткізе білген еді. Осы мақала арқылы шаруашылыққа қатысты Әлихан Бөкейхановтың негізгі түсінігін келтірдік. Бұл мақала зерттеуді қажет етеді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Қойшыбаев Б. Әлихан Бөкейханов.- Алматы.: Жеті жарғы, 2001, 160 б.
2. Қанапьянов Б. Жүз тұңғыш. // Жалын, №5, 2005, 11-18 б.
3. Қамзабекұлы Д. Алаштың рухани тұңғыры.- Алматы.: Ел шежіре, 2008, 357 б.

УДК 93/94

ЭТО БЫЛ ГЕНИАЛЬНЫЙ ПРОРЫВ (К 100-ЛЕТИЮ ДВИЖЕНИЯ «АЛАШ»)

**Хангелди Нурдаулет Ескелдиевич
Касымов Айбек Дарханұлы
Сагенов Таймас Багадатович**
nkhangeldi@mail.ru

Студенты исторического факультета ЕНУ им. Л.Н. Гумилева,
Астана, Казахстан

Научный руководитель – С.Д. Шаймуханова

Развитие суверенной Республики Казахстан, складывающиеся новые мировоззренческие позиции в обществе требуют от отечественного обществоведения разработки новых концептуальных решений и подходов к оценке прошлого и настоящего, критического анализа и переосмысления научного наследия в области исторических знаний.

После обретения независимости Казахстаном, народ легко возродил в памяти все события XX столетия, в том числе связанные и с движением «Алаш». В результате интенсивных научных изысканий стало возможным объективно определить роль и место движения Алаш в истории национально-освободительной борьбы казахского народа и восстановить историческую справедливость в оценке деятельности правительства Алаш-Орды. Движение «Алаш» - эпохальное явление. Его деятельность, идеи, программы заложили фундаментальные основы становлению национальной государственности.

Сейчас люди осознают и понимают значение Алаш-Орды в истории благодаря публикациям и трудам историков, публицистов, журналистов, писателей. Дело в том, что движение «Алаш» – первое интеллектуальное движение в истории казахского народа, которое было им поддержано, и решающую роль, конечно же, здесь сыграла национальная интеллигенция, придавшая этому процессу целенаправленность. По своему уровню движение «Алаш» сродни с национально-освободительными движениями начала XX века в Европе и Азии и, можно сказать, оно было на достаточно высоком уровне и для его реализации была создана партия «Алаш», а затем и Алашская автономия.

В своей книге «В потоке истории» Глава государства Н. А. Назарбаев отметил: «Мы должны уважать и ценить людей, боровшихся за свободу и независимость Казахстана. Уча-